

ных нравственно-этических идей. Его убеждения и деятельность были направлены на формирование нравственных принципов и нравственных норм поведения в процессе самой жизни в противовес религиозному учению о «божественной предопределенности морали».

Таким образом, просветитель возвышал роль науки, знаний в практической жизни человека, убедил своих современников в полезности, даже в жизненной необходимости изучения науки. Просветительские идеи Ы. Алтынсарина для своего времени были, да и для нашего времени, пусть даже спустя практически столетия остаются актуальными и новаторскими, наследие Алтынсарина неоценимо и бесценно. Ыбырай Алтынсарин, вынужденный преодолевать сопротивление как родной казахской среды, так и царской администрации, благодарный за приобретенные в России знания и возмущенный ее отношением к казахам, как подчиненному народу, развивал собственную независимую систему ценностей. Сделанное Ы. Алтынсариним за короткие годы навсегда увековечило имя этого человека. И пусть в его деятельности отразился дух времени, а просветительские идеи Ы. Алтынсарина своим острием были направлены на ломку экономической и культурной отсталости казахского народа, он страстно желал видеть казахский народ в ряду цивилизованных народов. И с уверенностью можно сказать, что он этого добился.

#### Список литературы:

1. Ситдыков, А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина – Алма-Ата: Мектеп, 1968 г. – С.15.
2. Алтынсарин, И. Собр. Соч. в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата, 1975 г. – С.33.
3. Алтынсарин, И. Собр. соч. в 3-х томах: Т.1. – Алма-Ата, 1975 г. – С.61.
4. Джумагулов, К. Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. – Алма-Ата. – 1984 г. – С.26.

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІ

*Алиева Гульзат Габдоллаевна,  
Қарағанды Медицина Университеті  
аға оқытушы*

#### Аннотация

Өзектілігі: Аса көрнекті ағартушы Ыбрай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиет тарихында жаңашыл-педагог, жаңа мектептердің ұйымдастырушысы, қазақ тарихының жанашыры ретінде кеңінен мәлім. Қазақ балалары ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбекқорлыққа, Отан сүйеге, білімді болуға баулитын тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Ыбырай Алтынсарин – нағыз халық қамын ойлаған озық ойлы жаңашыл жазушы екені бәрімізге мәлім. Шығармалары арқылы өмір шындығын таныта білген кемеңгер, заманының ең маңызды білім мен тәрбие мәселесін көтеріп қана қоймай, оны шығармаларына арқау еткен өшпес жұлдыз, ерекше дарын иесі. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Оның өз бойындағы қуатын халықтың арман-тілегі үшін аямай көрсете білгені – бүгінгі ұрпақ үшін мол тәжірибе бола білді. Мақсаты: Қазақтың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметінің, шығармаларының қыр-сырларын меңгеріп, мазмұнына, тереңдей бойлату, өмірі мен ағарту саласындағы халқына сіңірген еңбегін жан-жақты талдау жасай отырып тақырыбын ашу.

**Түйінді сөздер:** қазақ, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ой, ұлт, тәрбие, білім, рухани.

#### Аннотация

Актуальность: Ы.Алтынсарин – педагог, просветитель, писатель, поэт, учёный... Но в народной памяти он остался как первый учитель в степи. Его жизненный путь – это пример борьбы с невежеством и бюрократией за светлое будущее своего народа. Алтынсарин не только открыл

первую народную школу в Казахстане, но и написал для неё учебник, используя новый казахский алфавит, который он сам же и создал. Он убедил простых людей отдать своих детей в школы, подготовил учителей. При этом ему противостояли царские чиновники и имамы. Его педагогические принципы были настолько универсальны и опережали своё время так, что даже спустя 180 лет, всё ещё актуальны. Ыбырай считал, что главное для родителей и учителей – любить детей и не гасить их любопытство и стремление к знаниям. Он рассматривал полученные знания и умения не с точки зрения формального образования, а с учётом их реальной пользы. Давая в своих пособиях разъяснения о разнообразных приёмах преподавания, он особо предупреждал, чтобы труд детей напрасно не растрачивался на бессмысленную зубрёжку, а методы преподавания должны иметь систему и смысл.

Цель: Расширить знания о великом просветителе И.Алтынсарине, его месте в казахском обществе, о его вкладе в просвещение и литературу.

**Ключевые слова:** казах, обычаи, традиция, мысль, нация, воспитание, духовность.

#### **Abstract**

Relevance: Y. Altynsarin the teacher, educator, writer, poet and scientist... But in the people's memory, he remained as the first teacher in the steppe. His life path is an example of the struggle against ignorance and bureaucracy for the bright future of his people. Altynsarin not only opened the first folk school in Kazakhstan but also wrote a textbook for it using the new Kazakh alphabet which he himself created. He convinced ordinary people to send their children to schools, trained teachers. At the same time, he was opposed by royal officials and imams. His pedagogical principles were so universal and ahead of their time that even after 180 years, they are still relevant. He urged teachers not to stick to too theoretical training, but to teach according to the inclinations and success of the school. Altynsarin suggested that teachers use various exercises, teach from simple to complex, present the material in an interesting form for the child. And today its manuals and textbooks are successfully used by teachers and parents. The first teacher of the Kazakh steppe dreamed of seeing his people free and educated. And this came true largely thanks to his great work.

**Keywords:** kazakh, custom, tradition, idea, nation, education, spirituality.

Қазақ даласындағы алғашқы ағартушы педагог – Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – біз үшін үлкен мереке. Ыбырай Алтынсариннің шығармалары әр баланың жүрегінен кеңінен жол тапты. Ал оның еңбегі қазақ халқының білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани-мәдени жағынан гүлденуіне, экономикалық дамуына игі ықпал етті.

Ыбырай Алтынсариннің прогрессивті педагогикалық идеялары ХІХ ғасырдың екінші жартысында демократиялық орыстың қоғамдық ой-пікірлерінің ықпалымен қалыптасты. Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шамшырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін салды.

Педагог қазақ халқының өзіне тән ұлттық-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, бүгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ол Қазақстандағы ұлттық мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі жолға қойды. Оның жаңашыл әдістерінің бірі – оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу үрдісіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды [1].

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің «желкілдеп өскен көк шөптей» жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз-өмір көркі, Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені деп келер ұрпаққа тәрбие беріп, адал ниет, ақ тілек білдіріп отырған [1].

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек [2]. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Рухани адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын «Әдебиет» пәні баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым-қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез-келген мектептің міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына «Әдебиет» пәні зор ықпал етеді. «Әдебиет» ол – өнер, ата-бабадан қалған асыл сөз, ұлттық болмыс, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет – дарынының ашыла түсуіне, ақыл – парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді [2].

«Әдебиет» арқылы жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, ұлттық құндылықтарымызды құрметтейтін, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға тәрбиеленеді.

Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай – жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол [3].

Сонымен, Ы.Алтынсарин XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға еңбек сіңірген ұстаз. Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір тұту біздің міндетіміз [3].

Қазіргі уақытта жастар арасында тәрбие мен мәдениеттегі келеңсіздіктер көп орын алуда. Келешектің орнын толтыру үшін біздің ойымызша, кейбір жауаптарды Алтынсарин публицистикасынан алуға болады. Тарихи сұрақтардың жаңаны бұзуы теорема секілді дәлелдеуге келмейді. Күнделікті өмірдің даму заңдылықтары мен тарихи үрдіс адамдардың саналы қызметімен тығыз байланысты. Ол өз уақытының тәртібімен өмір сүреді, оларға ерекше қолтаңба қалдыртады. Сондықтан қоғамдық тәртіп табиғат заңдылығы мен жаратылыстану ғылымдары сияқты бәріне бірдей әсер ете алмайды. Сондықтан Ыбырай Алтынсариннің жеке шығармашылығының, публицистикалық және хат түріндегі туындыларының жаңа ХХІ ғасырда баламасы жоқ. Әлемдік қоғамның ауызша, жазбаша түрдегі журналистика ұдайы өзгеріске қарамай, халыққа тиесілі рухани құндылықтың сақтаушысы болып қала береді. Хат түріндегі Ыбырай-шығармалары осы этапта өзіндік орын алады. Жазылмаған сөз тарих жадынан мәңгі жоғалар еді. Халық ауыз әдебиеті бізге ата-бабамыздың Ұлы оқиғаларын жеткізді. Қазіргі қазақ журналистикасының зерттеуіне Ы.Алтынсариннің хат түріндегі мұралары бірінші кезекте ықыласпен ұсынылады. Ұлы ағартушының нақты шығармашылығы шығармалар жиынтығын ұсынады, бастапқыдағы қысқа көлемдегі туындылары кең көлемді жинаққа айналып, қоғамдық публицистиканың мәніне ие болды [4]. Хат түріндегі мұралары журналистикада, әдебиет және публицистикада шығармашылық ерекшелікке ие болып, жазба жұмыстарына айналды. Алтынсариннің «Оренбургский листок» газетінің беттеріндегі кіріспе сөзі педагогтің, ағартушының, зерттеушінің, публицистің шығармашылық тұлғасының көп қырлылығын дәлелдейді. Ы.Алтынсариннің публицистикалық талантының көркеюіне мына жағдайлар: елдегі сауатсыздық, баспаханалар мен басылымдардың болмауы, патшалық идеологияның үстемдігі кедергі болды. Сол себепті Ыбырай Алтынсарин жазған «Қырғыз хрестоматиясы» газет, журнал беттерін ауыстырып, қазақтарды сауаттандыруда қызмет етті. Жалпы алғанда оны қазақ публицистикасының бастауы деуге болады. Себебі осы кітапта өткен ғасырдың соңындағы көшпенділік, отырықшылық, ағартушылыққа насихаттау, адамгершілік сынды өзекті мәселелер сөз болған. Осы жерде біз қазақ қоғамының даму жолын, қайта өрлеуін анық байқаймыз [4]. Оның хат түріндегі публицистикасы – отандық публицистиканың жүздеген жылдар бойы дамуына үлгі. Қазіргі кезеңде және болашақта Ыбырай Алтынсариннің білімі мен шынайы талдауға қадам жасауы, публицистиканың мамандырылуы

мен кешенділігі оның шығармашылық әлеуеттілігін қайтадан және жаңа масштабта бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962.
3. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991.
4. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, 1989.

### **ИДЕИ ДУХОВНОСТИ И НРАВСТВЕННОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА**

*Альмагамбетова Аяғоз Досбековна,*  
учитель казахского языка и литературы,  
КГУ «Школа-гимназия №3 отдела образования города Костаная»  
Управления образования акимата Костанайской области, г.Костанай

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Қазір ақпараттық және компьютерлік технологиялар, әлеуметтік желілер дәуірінде жас ұрпақты интеллектуалды, еңбек, адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі жасөспірімдерде көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылық қалыптасқан жоқ, ата-аналарымен қарым-қатынастың көп бөлігі онлайн режимінде жүреді, қазіргі өмірдің келеңсіз жақтарымен қаныққан компьютерлік ойындарға деген құштарлық жасөспірімдердің адамгершілік дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл тұрғыда білім алу, еңбек пен адамгершілікке тәрбиелеу қажеттілігін алға тартқан Ыбырай Алтынсариннің еңбегі өзекті.

Мақсат: Жас ұрпақтың интеллектуалдық, еңбек, адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін шешуге арналған қазақ ағартушысының шығармашылығының өзектілігін көрсету.

**Түйінді сөздер:** әлеуметтік желілер, жасөспірім, немқұрайдылық, еңбек, білім, сыйластық, адамгершілік, өсиет.

#### **Аннотация**

Актуальность: Сейчас в век информационно-компьютерных технологий, социальных сетей встала остро проблема интеллектуального, трудового, нравственного воспитания подрастающего поколения. У современных подростков не воспитан интерес к чтению художественной литературы, большая часть общения с родителями происходит в режиме онлайн, увлеченность компьютерными играми, которые пропитаны негативными аспектами современной жизни, пагубно влияют на нравственное развитие подростков. В этом аспекте актуальным является творчество Ыбырая Алтынсарина, пропагандировавшего необходимость получения знаний, воспитание труда, нравственности.

Цель: Показать актуальность творчества казахского просветителя для решения проблем интеллектуального, трудового, нравственного воспитания подрастающего поколения.

**Ключевые слова:** социальные сети, подростки, равнодушие, труд, знание, уважение, нравственность, наследие.

#### **Abstract**

Relevance: Now in the age of information and computer technologies, social networks, the problem of intellectual, labor, moral education of the younger generation has become acute. Modern adolescents have not developed an interest in reading fiction, most of the communication with their parents takes place online, the passion for computer games, which are saturated with negative aspects of modern life, have a detrimental effect on the moral development of adolescents. In this aspect, the work of Ybyray Altynsarin, who promoted the need to obtain knowledge, education of labor and morality, is relevant.

Goal: Show the relevance of the creativity of the Kazakh enlightener for solving the problems of intellectual, labor, moral education of the younger generation.

**Keywords:** social networks, adolescents, indifference, work, knowledge, respect, morality, heritage.